

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 1229 және 2010 жылғы 19 тамыздағы № 824 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 20 мамырдағы № 549 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 желтоқсандағы № 922 қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 29.12.2018 № 922 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы № 1229 қаулысында:

көрсетілген қаулымен бекітілген Тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату ережесінде:

3-тармақтың 1) тармақшасындағы "құжаттар және" деген сөздер "құжаттар және/немесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 2) тармақшаларының екінші абзацындағы "құжаттар және" деген сөздер "құжаттар және/немесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың екінші бөлігінде:

екінші абзацтағы "медициналық техника" деген сөздердің алдынан "дәрілік зат," деген сөздермен толықтырылсын;

төртінші абзацта:

"өндіру" деген сөз "өндіруге" деген сөзбен, "өткізу құқығына" деген сөздер "өткізуге" деген сөзбен ауыстырылсын;

"заттарды" деген сөзден кейін ", медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканы" деген сөздермен толықтырылсын;

2) "Кеден одағында тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату ережесін бекіту және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 желтоқсандағы № 1229 және 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 56 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің

2010 жылғы 19 тамыздағы № 824 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2010 ж., № 49, 444-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Кеден одағында тауарлар импортын қосылған құн салығынан босату ережесінде:

4-тармақтың 1) тармақшасындағы және 5-тармақтың 1) және 2) тармақшаларының екінші абзацындағы "құжаттар және" деген сөздер "құжаттар және/немесе" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақта:

бірінші бөлігінің 2) тармақшасында:

бірінші абзац "пайдалану үшін" деген сөздерден кейін "сатушы мен сатып алушы арасындағы келісімшартқа" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"бұл ретте, егер келісімшартта осындай тауардың бірнеше жеткізілімі ескерілсе, онда Сыртқы экономикалық қызметтің тауарлық номенклатурасының коды бойынша қорытындының түпнұсқасы тек бірінші жеткізу бойынша ұсынылады, ал кейінгі жеткізулер бойынша осындай қорытындының көшірмесі ұсынылады.";

екінші бөлігінің үшінші абзацындағы "медициналық техника" деген сөздердің алдынан "дәрілік зат," деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К. Мәсімов